



«БЕКІТЕМІН»

«ОКМА» АҚ ректоры

М.Рысбеков

2021ж.

**ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАУ, ӨНДЕУ,
САҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ
П 044/332-2021**

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/332-2021
Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	1-ші басылым 11 беттің 2 беті

- 1 **«ОҚМА» АҚ** кадрлық қызмет бөлімі дайындады және ұсынды
« 19 » 02 20 21 хаттама № 4
- 2 **«ОҚМА» АҚ** Ғылыми Кеңесінің шешімімен **КЕЛІСІЛГЕН**
« 24 » 02 20 21 хаттама № 8

Тексеру мерзімі – 3 жыл

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/332-2021
Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	1-ші басылым 11 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ	4
2	НОРМАТИВТІ СІЛЕТЕМЕЛЕР.....	4
3	ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
4	ЖҰМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ	5
5	ЖҰМЫС БЕРУШІГЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУДА, ОҢДЕУДЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ КЕПІЛДІГІ	6
6	ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН САҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ	7
7	ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН БЕРУ ТӘРТІБІ	8
8	ЖҰМЫС БЕРУШІДЕ САҚТАЛҒАН ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЖҰМЫСКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	8

ONTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/332-2021	
Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	1-ші басылым 11 беттің 4 беті	

I ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Осы Ереже «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» АҚ (бұдан әрі - «ОҚМА» АҚ) қызметкерлерінің дербес деректерін қорғау үшін жинау, өңдеу және сақтау тәртібін анықтайды.

1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің нормалары, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде әзірленді және «ОҚМА» АҚ-ның өндірістік қызметі процессінде қажетті еңбек қатынастарына байланысты жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау жүйесін анықтайды.

1.3 Негізгі түсінік:

- дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер;

- дербес деректерді жинау – дербес деректерді алуға бағытталған іс-әрекеттер;

- қызметкердің жеке деректерін өңдеу - жеке деректерді жинауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;

- дербес деректерді сақтау – дербес деректердің тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттер;

- жеке деректерді қорғау – оның жеке деректерін жинау және өңдеу кезінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешейі.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, 2015 ж. 23 қарашадағы №414-V (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының «Дербес деректер мен оларды қорғау туралы» 2013ж. 21 мамырдағы № 94-V Заңы (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015ж. 18 қарашадағы №410-V (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік қор.

- ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

- СТ РК 3049-2017. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Сапа менеджменті жүйелері. Пайдалану бойынша қойылатын талаптар мен нұсқаулар (ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Сапа менеджменті жүйелері. Пайдалану бойынша қойылатын талаптар мен нұсқаулар).

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/332-2021	
Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	1-ші басылым 11 беттің 5 беті	

3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл құжатта келесі терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар қолданылды:

Дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне катысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер.

Дербес деректерді жинау – дербес деректерді алуға бағытталған іс-әрекеттер

Дербес деректерді өңдеу – дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер.

Дербес деректерді сақтау – дербес деректердің тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттер.

Дербес деректерді қорғау – деректерді жинау және өңдеу кезінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені.

«ОҚМА» АҚ	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ,
ӘБП	- әкімшілік-басқару персоналы,
КҚС	- кадрлық қызмет бөлімі,
ҚП	- қызмет корсету персонал,
ДД	- дербес деректер,
ПОҚ	- профессорлық-оқытушылық құрамы,
ҚР	- Қазақстан Республикасы,
СМЖ	- сапа менеджменті жүйесі,

4 ЖҰМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

4.1 Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес «ОҚМА» АҚ-а жұмысқа қабылданатын жұмыскер жұмыс берушіге өзінің дербес деректерін қамтитын келесі құжаттарды ұсынады:

– Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін тууы туралы куәлік);

– шет ел азаматтары үшін Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін);

ONTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/332-2021	
Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	1-ші басылым 11 беттің 6 беті	

– тиісті білімді, дағдылар мен машықтарды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнаулы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат;

– еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);

– алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай куәландырудан өтуге міндетті адамдар үшін);

– қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпараттың болуы немесе болмауы туралы анықтама;

– жұмыскер басқа жұмыс берушімен қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шартын жасасу үшін негізгі жұмыс орны бойынша еңбектің сипаты мен шарттары (жұмыс орны, лауазымы, еңбек жағдайлары) туралы анықтама ұсынады;

– мемлекеттік органның шетелдік жұмыскерлері тартылған кезде еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен шетелдік жұмыскерлерді тарту тәртібіне сәйкес айқындалады.

Жұмыс берушінің, Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік актілерінде козделген жағдайларды қоспағанда, ҚР Еңбек Кодексінің 32 бабының 1-тармағында козделмеген құжаттарды талап етуге құқығы жоқ.

Құжаттардың төлнұсқаларын жұмыс берушіде сақтауға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген рәсімдерді орындау үшін уақытша қалдыруға жұмыскер келіскен жағдайда, жұмыс беруші жұмыскерге құжаттарды қайтару туралы жазбаша міндеттеме береді.

4.2 Дербес деректерді қамтитын құжаттар мен ақпараттар тізіміне мыналар кіреді:

4.2.1 Кадрлық:

- еңбек шарты;
- кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
- Т-2 үлгісіндегі жеке карта;
- денсаулық жағдайы туралы ақпарат;

4.2. Дербес деректері бар және кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған басқа құжаттар:

- қаржы құжаттары;

4.3 Дербес деректер туралы ақпараттар төмендегідей ұсынылуы мүмкін:

- қағаз түрінде;
- электронды тасымалдаушы түрінде;

5 ЖҰМЫС БЕРУШІГЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУДА, ӨНДЕУДЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ КЕШІДІГІ

5.1 «ОҚМА» АҚ жұмыскерлерінің дербес деректерін өңдеу жұмыскерге жұмысқа орналасуға, оқуға, қызметінің жоғарылауына және жеке қауіпсіздігін

ONTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/332-2021	
Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	1-ші басылым 11 беттің 7 беті	

қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуымен жүзеге асырылады.

5.2 «ОҚМА» АҚ жұмыскерлерінің өңделетін дербес деректерінің көлемі мен мазмұнын анықтау кезінде жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодексін және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарын басшылыққа алады.

5.3 Жұмыскердің өзі немесе уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған дербес деректер жұмыскерге алдын ала хабарланып, жұмыскердің келісімімен өңделеді.

5.4 Жұмыс беруші жұмыскердің өтініші бойынша Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жұмыскердің дербес деректеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге міндетті.

5.5 Жұмыс беруші жұмыскердің дербес деректерін сақтау тәртібін Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес қамтамасыз етеді.

5.6. Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жұмыскердің дербес деректерін қызметкердің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаға беруге тиым салынады.

5.7 «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің дербес деректерін ұйым ішінде тарату Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

5.8 Жұмыс беруші талап етуге құқығы жоқ:

- жұмыскерден оның саяси, діни және басқа сенімдері мен жеке өмірі туралы ақпаратты;

- жұмыскерден оның қоғамдық бірлестіктерге, сонымен қатар кәсіподақ ұйымына мүшелігі немесе қызметі туралы ақпаратты;

5.9 Жұмыс беруші дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуде қажетті шараларды қабылдауға міндетті:

- дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау;

- егер дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау мүмкіндігі болмаса, рұқсатсыз қол жеткізу фактілерін дер кезінде анықтау;

- дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің жағымсыз салдарын азайту;

5.10 «ОҚМА» АҚ-ның жұмыскерлері осы Ережемен танысу үшін ресми сайтқа (<http://ukma.kz/ru/>) жариялансын.

6 ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН САҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

6.1 «ОҚМА» АҚ-ның жұмыскерлерінің дербес деректері автоматтандырылған өңдеуден кейін электронды тасымалдағыштарда (есеп жүргізудің автоматтандырылған бағдарламасында) және қызметкердің жеке ісінде қағаз түрінде сақталады.

ONTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	E 044/332-2021	
Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	1-ші басылым 11 беттің 8 беті	

6.2 Қағаз түріндегі дербес деректер сейфтерде сақталады. Сейф кілттері дербес деректерді пайдалануға рұқсаты бар кадрлық қызмет бөлімінің қызметкерлерінде сақталады.

6.3 Электронды тасымалдағыштағы дербес деректер автоматтандырылған бағдарламада сақталады. Бағдарламаға дербес деректерге қол жеткізуге құқығы бар кадрлық қызмет бөлімінің қызметкерлері кіреді. Бағдарламаға кіру тек пайдаланушының жеке паролін енгізуі арқылы жүзеге асырылады.

6.4 Жұмыскердің дербес деректеріне қол жеткізуге тек уәкілетті адамдар тізімі бойынша өндірістік қажеттілікке байланысты дербес деректерді қажет ететін лауазымды адамдарға ғана рұқсат етіледі (1-қосымша). Сонымен бірге, бұл адамдар нақты функцияларды орындау үшін жұмыскердің қажетті дербес деректерін ғана алуға және құпиялылық режимін сақтауға құқылы.

6.5 Дербес деректерге қол жеткізуге құқығы бар уәкілетті тұлғаларға дербес деректерді тек алдын ала көрсетілген мақсаттарда пайдалануға және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген кейбір жағдайларды есептемегенде, үшінші тарапқа бермеуге ескертіліп жазбаша түрде міндеттеледі.

6.6 Жұмыскерлердің дербес деректерін автоматтандырылған өңдеуге және сақтауға ақпаратты қорғаудың барлық негізгі шаралары аяқталғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

7 ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН БЕРУ ТӘРТІБІ

Жұмыскердің дербес деректерін беру кезінде дербес деректерді сақтауға уәкілетті тұлға келесі талаптарды орындауы тиіс:

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген кейбір жағдайларды есептемегенде, жұмыскердің дербес деректерін оның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа бермеуге;
- жұмыскердің дербес деректерін алған тараптар, бұл деректерді тек олар хабарлаған мақсаттарда ғана пайдалануға болатындығы туралы ескерту жасауға және осы ереженің сақталғандығын растауды талап етуді;
- коммерциялық мақсаттарда жұмыскердің дербес деректерін хабарламау;
- жұмыскердің қызметіне тікелей тиісті ақпараттан басқа жұмыскердің денсаулық жағдайы туралы ақпаратты талап етпеу.

8 ЖҰМЫС БЕРУШІДЕ САҚТАЛҒАН ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҰШІН ЖҰМЫСКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Жұмыс берушіде сақталған дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету үшін жұмыскердің құқығы:

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыскердің дербес деректері бар жазбалардың көшірмелерін қоса алғанда, оның дербес деректеріне ақысыз қол жетімділік;

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/332-2021	
Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	1-ші басылым 11 беттің 9 беті	

– дербес деректерді жинау және қайта өңдеу Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің, осы Ереженің және Қазақстан Республикасының басқа заңдары талаптарының бұзылуымен іске асырылған жағдайда дербес деректерді жоюды, оқшаулауды, өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді талап етуге;

– жұмыскерден дербес деректері бұрын хабарланған адамдар туралы, оларда жасалған өзгерістер мен толықтырулар туралы есеп беруді талап етуге;

– жұмыс берушінің дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау кезіндегі іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігі) шағым жасауға;

ONTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	Е 044/332-2021 1-ші басылым 11 беттің 10 беті	




Әзірледі:

Қызметі	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.	19.02.2021	

Тексерді:

Қызметі	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	19.02.2021	
Мониторинг және сапа менеджменті жүйесі секторының меңгерушісі	Ержанов Н.А.	20.02.2021	



Келісілді:

Қызметі	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есиркепов М.М.	24.02.2021	
Қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі проректор	Сейтжанова Ж.С.	24.02.2021	
Комплаенс-офицер	Пернебаев Н.А.	24.02.2021	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/332-2021	
Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және оларды қорғау туралы Ереже	1-ші басылым 11 беттің 11 беті	

«ОҚМА» АҚ жұмыскерлерінің
 дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау
 және оларды қорғау туралы Ережесіне
Қосымша №1

**Жұмыскерлердің дербес деректерін жинауға, өңдеу, сақтауға
 және оларды қорғауға рұқсаты бар уәкілетті тұлғалар
 ТІЗІМІ**

№	Ф.А.Ж.	Қызметі	Құзіретке енгізілген құжаттар	Жеке қолы
1.	Рысбеков М.М.	ректор	қаржылық, кадрлық және т.б.	
2.	Сейтжанова Ж.С.	қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі проректор	қаржылық, кадрлық және т.б.	
3.	Кабиштаев О.А.	әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	қаржылық, кадрлық және т.б.	
4.	Баймбетова Д.А.	бас бухгалтер	қаржылық, т.б.	
5.	Елеусизова Г.Л.	кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	кадрлық және т.б.	
6.	Пернебаев Н.А.	комплаенс-офицер	қаржылық, кадрлық және т.б.	